

## ЖАҢАЛЫҚТАР

# Британ депутаттары “Маша мен аю” мультфильмін видеосервистерден алып тастауды талап етті

3 шілде 2026 жыл, 16:01



50-ден астам британдық депутат Ұлыбритания мәдениет министріне хат жазып, “Маша мен аю” мультфильмін видеосервистерден алып тастауды талап етті. Бұл жөнінде The Guardian жазды.

Бұған дейін Netflix мультсериалдың екі жаңа кезеңін сатып алып, 100-ден астам елде көрсету лицензиясын кеңейту туралы шешім қабылдаған. Арасында британдық ITVX сервис те бар.

Депутаттар хатта төрт жасар Машаның кейбір әрекетінде “пропагандистік контент” барын жазған. Ескерту-сын нақты екі эпизодқа қатысты: бірінде Маша танк шлемін киіп алады, екіншісінде НКВД бас киімін елестететін қалпақ киеді.

A real army girl with a butterfly net! 😊 [pic.twitter.com/Su6qPokinX](https://pic.twitter.com/Su6qPokinX)

— Masha and The Bear (@MashaAndTheBear) April 27, 2015

Депутаттардың пікірінше, бұл “жаһандық балалар аудиториясын советтің әскери символикасын қалыпты етіп көрсетуге бейімдейді”.

Хат авторлары Украинаның “жалған ақпаратпен күрес орталығының” түсініктемесіне сүйенеді. Онда “Маша және аю” бұл мультфильм ғана емес, Ресейдің “жұмсақ күші” құралы, “Маша арқылы өзге халықтың дәстүрі әжуаланады, совет символдары мен милитаристік тақырыптар қалыпты нәрсеге айналдырылады” деп жазылған.

Animaccord студиясы айыптауларды жоққа шығарды. Оның өкілі Мелани Бонвичино мұны “жалған ақпарат әрі жала” деп атап, компанияның үкіметтен қаржы алмайтынын атап өтті.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ